

8D08201 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) алу үшін Мұканова Ляззат Балғабайқызының «Қылшық жүнді құйрықты қой тұқымдарын (еділбай х гиссар) шағылыстыру арқылы алынған бірінші ұрпақтың өнімділік және биологиялық қасиеттері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ПІКІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы негіздеу. Етті-майлы бағытта өсірілетін құйрықты қойлар дәстүрлі түрде отандық ауыл шаруашылығы саласының жетекші салаларының бірі болып табылады. Республикамыздың шөл және шөлейт аймақтарын ұтымды пайдалануда олардың маңызы зор. Сонымен қатар, әлемде жүнге деген сұраныстың күрт төмендеуіне байланысты, қой шаруашылығында ет өндірісін дамытуға көп көңіл бөлінуде және отандық мал шаруашылығында ең арзан ет өнімін беретін негізгі тұқымдардың қатарына құйрықты қойлар кіреді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қой шаруашылығының басқа бағыттары арасында ет өнімділігі жоғары қойлардың рөлі бұрынғыдан да артып келеді, олардың үлес салмағы республиканың барлық қойларының 80% - дан астамын құрайды.

Осы тұрғыдан алғанда, Мұканова Ляззат еліміздің жетекші қой тұқымы-еділбай тұқымының ет – май қасиеттерін гиссар тұқымының генофондын пайдалану арқылы жетілдіруге арналған диссертациялық жұмысының үлкен теориялық және практикалық маңызы бар, ал бұл осы жұмыстың өзектілігін анықтайды.

Диссертация еділбай тұқымының аналықтарын гиссар тұқымының қошқарларымен (Е х Г) шағылыстыру арқылы алынған будандан қозылары өздерінің асыл тұқымды (Е х Е) құрдастарынан негізгі селекциялық белгілері – тірі салмағы мен ет өнімділігі бойынша асып түскендігі анықталды. Мұндай артықшылықтар 4 айлық еркек және ұрғашы қозылар тобында тірі салмағы бойынша 5,5 және 3,6 кг немесе 13,8 және 9,9%, ал 12 және 18 айлық ұрғашы тоқтыларда тиісінше 3,7 және 3,4 кг немесе 9,0 және 5,5% ды құрады. Ет-май өнімділігі бойынша (сойыс салмағы бойынша) 4 айлық еркек будан қозылар таза тұқымды құрдастарымен салыстырғанда 2,0 кг немесе 9,3% артық болды құрады. Айта кету керек, тәжірибелік (будандар) және бақылау (таза тұқымды) топтарындағы бір жасар ұрғашы тоқтылардан қырқылған жүн түсімінің деңгейі бойынша айырмашылықтар айтарлықтай емес (таза тұқымды төлдердің пайдасына 44 гр және бұл сенімді емес екендігін атап өту маңызды).

Кешенді бағалау (бонитировка) нәтижелері бойынша ең жоғары үлес салмағы тәжірибелік топтағы (79,1%) будан тоқтылардан болғандығы

анықталды, ал бұл таза тұқымды құрдастармен салыстырғанда 3,8%-ға жоғары.

Докторант тәжірибелік және бақылау топтарындағы төлдердің тұқым қуалаушылық, қайталанушылық, корреляциялық байланыс, биссериалдық байланыс және т.б. негізгі генетикалық параметрлері бойынша салыстырмалы түрде жан-жақты зерттеген. Осы мәселе бойынша алынған зерттеу нәтижелері келешекте еділбай қой тұқымы бойынша селекция бағытын анықтауға және оның қарқынын арттыруға ықпалы зор.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылымға елеулі үлес қосады. Қазақстанның Алматы облысы жағдайында алғаш рет еділбай және гиссар құйрықты қой тұқымдарын шағылыстыру арқылы алынған будан төлдердің өнімділік және биологиялық көрсеткішіне кешенді зерттеу жүргізілді.

Зерттеу жұмыстары жүргізілген қой тұқымдары мыналар: етті-майлы бағыттағы қылшық жүнді еділбай қойының саулықтары мен қошқарлары (Алматы облысы, Талғар ауданы, «Байсерке-Агро» ОӨҒО) және гиссар қой тұқымының қошқарлары (Алматы облысы, Мыңбаев атындағы қой шаруашылығы ҒЗИ), сонымен қатар алынған будан және таза тұқымды ұрпақтары.

Зерттеу нәтижесінде ұрпақ алуға пайдаланылған аталық және аналық малдардың өнімділік деңгейі, ұрпақтардың негізгі селекциялық өнім белгілерінің (ет және жүн өнімділігі) өзгергіштігі, ұрпақтардың топ арасындағы биологиялық ерекшеліктері (терінің гистокұрылымы, қанның морфологиялық көрсеткіштері, саулықтың төлдегіштігі мен төлдің сақталуы, төлдің кластық құрамы), ұрпақтардың өнімділік белгілерінің селекциялы-генетикалық параметрлері анықталды.

Маңызды мәлімдемелер нақты, сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталып, пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ең назар аударатын жағдай докторант осы бағыттағы отандық және әлемдік әдебиеттерге тиімді шолу жасаған.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертация бойынша қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа, дәлелді, қолдану деңгейі кең, мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді, мазмұны оның тақырыбын толығымен айқындайды, барлық тараулары мен құрылысы логикалық толық байланыста. Докторант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі кейбір шешімдермен салыстырмалы түрде көрсетілген. Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидалары жаңа болып табылады.

Диссертацияның шешімдері мен қортындылары жаңа, барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды, жалпы жұмыс жарияланған мақалаларда дәлелденген.

Диссертация жұмысының нәтижелерін өндіріске енгізу. Диссертациялық жұмыстың өндірістік маңызы жоғары, әрі шаруашылыққа ұсыныстары жаңа болып табылады. Еділбай қой тұқымының қошқарлары еліміздің әртүрлі өңірлерінде өсірілетін жергілікті қылшық жүнді құйрықты

қойлардың салмағы мен ет-май өнімділігін арттыру үшін құнды генетикалық материал ретінде пайдаланылады. Осы мақсатта соңғы 3 жылда 4900 бас «Байсерке-Агро» ОӨҒО өсірілетін еділбай қойларының асыл тұқымды қойлары Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының шаруашылықтарына сатылды, оның ішінде 2023 жылы 700 бас шет елге - Катар мемлекетіне сатылды.

Докторанттың жарияланымдарын тізімдеу. Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері бойынша 6 ғылыми басылым жарық көрді, оның ішінде 1 мақала халықаралық Scopus деректері базасына енгізілген жарияланымдарда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған басылымдарда, 2 мақала халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланған.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі. Докторант зерттеу жұмыстарын орындау кезінде барлық іс-шараларға өзі тікелей қатысып, әр өнімдегі қойлардан алынған мәліметтерді әдістемелік нұсқаулықтарға сай орындап, арнайы жазба журналдары мен тиіселі құжаттарына толтырып отырған. Алынған мәліметтерді толықтай статистикалық өңдеуден өткізіп, нәтижелерін диссертацияның бөлімдерінде ашып көрсеткен.

Докторант ғылыми жарияланымдарды дайындауға, рәсімдеуге, оларды отандық және шетелдік басылымдарда жариялауға ұсынуға тікелей қатысты және 8D08201 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды жүйелі, әрі терең меңгерді.

Қорытынды. Жоғарыда берілген мәліметтерді ескере отырып, Мұқанова Ляззат Балғабайқызы диссертациялық жұмысын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай келеді, ал ізденуші 8D08201 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші

ҚР Әл-Фараби атындағы ғылым мен

техника саласындағы мемлекеттік

сыйлығының лауреаты,

ҚР ҰҒА академигі, а.ш.ғ.д., профессор  **Садыкулов Т.**



Академик Т.Садыкуловтың қолын растаймын:

